

А.Ә. Түргенбай, Н. Сманова

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР МӘСЕЛЕСІ

Қазақстанның сыртқы саясатын анықтаушы факторлардың бірі ретінде энергетика саласы шығыстағы алып көршімен қарым - қатынаста аса зор маңызы бар. Қазақстан Республикасы үшін Қытай Шығыс Азия мемлекеттерімен өзара қарым-қатынасты дамытуға қалай қажет болса, өз кезегінде ҚХР-ның Орта Азия елдерінің экономикасының дамуына белсене ат салысуға бағытталған сыртқы саясат ұстанымдарын жүзеге асыруға да Қазақстан соншалықты қажет. Сондықтан екі мемлекет арасында өзара тиімді энергетикалық байланыстарды орнату халықаралық қатынастардағы аса өзекті мәселелердің бірі. Осы мәселе хақында баяндамада келтірілген айғақтардың көпшілігі сыртқы ақпарат көздерінен, басылым беттерінен алынды. Оларда жазылған жағымды не жағымсыз пікірлерді қатар ала отырып, қорытынды шығаруға тырыстық. Біздің ойымызша, тәуелсіз Қазақстан үшін бұлай салыстырмалы түрде зерттеу ерекше ғылыми практикалық мүддеге ие. Сол себепті Қазақстан мен Қытайдың энергетикалық саладағы қарым-қатынасына терең талдау жасау мақсаттардың бірі болып табылады.

Қытай нарығы - энергетикалық ресурстарды қолданудың абсолютті көлемі бойынша АҚШ-тан кейінгі екінші орынды алатын, аймақтық, әлемдік мұнай нарықтарынан сыйымдылығы әлдеқайда үлкен нарық. Халықаралық мамандардың болжамды бағалауы бойынша, Қытайда мұнайға сұраныс көлемі 2010 жылға қарай жылына 200 млн. т. құрайды [3]. Артынша Қытай тек қана энергетикалық ресурстар қорын сатып алу үшін 3 трлн. қаржы бөлгенін әлемге жариялады. Қытай қажетті энергетикалық қуаттардың басым бөлігін теңіз жолдары арқылы тасып отырғаны белгілі. Ал теңіз жолдарына АҚШ-тың әскери-теңіз күштері бақылау жасауда. Бұл Қытайдың энергетикалық қуаттары АҚШ-тың бақылауында деген сөз. Осыдан мазасызданған Қытай бұдан басқа альтернатив жол – Қазақстан арқылы энергетика қуаттарын тасып әкелуге аса мүдделі болып тұр. Қытайдың Қазақстанға ықпалы жөнінде шетелдік ақпарат көздері де түрлі ақпараттар тарата бастады. Еуропа статистика ұйымы мен халықаралық қаржы институттары Қытай бизнесінің Қазақстанда үдей түскендігі жөнінде және оның Қазақстан экономикасына қауіп төндіретіндігі туралы ақпарат жариялады. CSIS (Canadian Security Intelligence Service) мәліметіне қарағанда, жақын болашақта Қытай Қазақстандағы барлық мұнай, газ кеніш-

терін сатып алмақ екен. Оның үстіне Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Халықаралық энергетикалық агенттіктің есебі бойынша, энергия тұтыну жөнінен Қытай АҚШ-ты басып озып, әлемдегі ең ірі мұнай экспорттаушы мемлекетке айналды деп хабарлайды Би-Би-Си агенттігі [5]. Қазіргі күні Қытайдың өндіріс саласының 70% көмір арқылы жұмыс жасап жатыр. Бірақ көмір қуатының сарқылуына байланысты өндірістер енді мұнай мен газға біртіндеп көше бастады. Егер бәрі демей-ақ қояйық, өндірістерінің жартысы уран мен мұнай - газға өтетін болса, біздің ғана емес, әлемдегі энергетикалық ресурстардың сарқылуына едәуір ықпалын тигізери сөзсіз.

1990 жылдың соңында Қытай үкіметі елдің батыс ауданын «игеру» стратегиясын әзірледі. Бағдарламаның міндеттерінің бірі – ҚХР-ның батысындағы ресурстарды өндіру және сол аймақтағы рыноктарын жандандыру болып табылады. Орталық Азиялық аймақ Қытай мен Еуропаны қосатын орталық болып келеді. Қытайлық ғалымдар Орталық Азия мұнай мен газдың қайнар көзі болып табылады, себебі бұл аймақтың құбыр желісі қысқа және қауіпсіз, жолдары альтернативті деп санайды. Қытай корпорациялары Орта Азия елдерінің 30 жобаларына қатысады. New York Times Қытай Халықтық азат ету армиясының генералы Лю Яжоудың «Орталық Азия – құдайдың Қытайға берген үлкен сыйы» деген пікірін келтіреді. Сонымен бірге генерал Лю Яжоу «Phoenix Weekly» журналында жарияланған мақаласында: «Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен энергетикалық ынтымақтастығы 1990 ж. басталған. Бірақ соңғы жылдары Қытай бұл аймақта Ресей мен АҚШ мүддесінің әлсірегенін өз пайдасына асыра алды. Қытай Орталық Азияны игеруге жанталаса кірісіп кетті» деген [5].

Қытай өзімен шекаралас мемлекеттердің ішінде потенциалды түрде шикізат қатынасында өте бай мемлекет Қазақстанға басым көңіл бөледі. Сондықтан ең көп инвестициялар Қазақстанға салынды. Бұл фактор мемлекеттер арасындағы шекаралық даудың тез шешілуіне жасырын себеп болды. Қытай тез және қарсылықсыз Мемлекеттік шекара туралы келісімге қол қойды (Кенес Одағы кезінде қол жеткізе алмаған еді) және өзінің әскерлерін 100 км. тереңдікке шегіндіруге келісімін берді. Сонымен қатар мұнай факторы оның Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беруіне жәрдемдесті және түрлі деңгейдегі саяси байланыстардың дамуына ықпал етті.

Дағдарысқа қарамастан өз экономикасын одан әрі дамыту үшін Қытайға мол энергия көзі мен шикізат ауадай қажет. Сол себепті ол Қазақстандағы минералдық қорларды іздестіру мен игеру ісіне белсене қатысып келеді. Мұнай, газ, көмір, темір, қорғасын, мырыш, титан, алтын, күміс секілді пайдалы қазбалардың қорына бай Қазақстан Қытайдың инвестициялық саясаты үшін іздегенге сұрағандай болып отыр. Америка университетінің зерттеушісі В. Хлюпин: «Қытай қазақстандық кеңістікті баяу, бірақ дұрыс, барлық қол жетерлік тәсілдермен «игереді». Батысқа жылжу, сөзсіз, қытайлық басшылықтың жоспарында бар және ол саналы және мақсатты түрде жүзеге асуда. Қазақстандық басшылық мәселелерді ескермей, шығыстағы көршісіне қауіпті геосаяси ойын жүргізуге мүмкіндік беруде. Сөтіп бұрынғы империя Ресейдің құшағынан қашамын деп, одан да қауіптірек «одақтастың» қолына түседі», - деп айтқан болатын [1]. Сонымен қатар ғалым Ахмед Рашидтің де көзқарасын келтіре кеткен жөн: «Қытайдың Қазақстанға деген шынайы қызығушылығын тек бұл орта-азиялық мемлекеттің қытайлық Синьцзян провинциясымен сол жерден тікелей Қытайға мұнай құбырын жүргізуге мүмкіндік беретін шекаралас болуында ғана емес, сонымен қоса, Қазақстан Иран мен Иракқа, яғни қытайлар жақын арада өзінің экспанциясын одан әрі күшейтуге бағытталған аймаққа табиғи континенталды көпір қызметін атқаруында да білдіріп отыр» [1].

Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай саласындағы ынтымақтыстық 1997 жылы басталды. 1997 жылы ақпанда Н. Назарбаев Пекинге бейресми сапармен барды. Онда «Мұнай мен газ саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың келешегі мен жаңа транспорттық дәлізді ашуға қатысты үш мәселе» талқыланды. ҚР сол кездегі сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев қытайлық инвестицияның нақты көлемі шамамен 10 млрд. доллар болатындығын атап өтті. 1997 жылы 24 қыркүйекте ҚХР-ның Мемлекеттік кеңесінің премьер-министрі Ли Пэн Алматыға ресми сапармен келді. Келіссөздер нәтижесінде «Мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге» және «Мұнай құбырларының құрылысы және кен орындарын өңдеу жобалары жөніндегі бас келісімге» қол қойылды. 2002 жылы желтоқсанда Н. Назарбаевтың Қытайға сапары барысында мұнай құбыры құрылысына Пекиннің келісіміне қол жеткізілді. Сонымен қатар сапар барысында 223,5 млн. доллар сомасында болатын шарттар жасалды және құны 443,15 млн. долларға тең болатын инвестициялық жобаларға қол қойылды. Бәрін

қосқанда, Қазақстан экономикасына инвестиция салу бойынша Қытай АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шықты. 1997 жылы Қазақстан мұнайды Қытайға теміржол цистерналары арқылы жеткізуді бастады. 1997 жылдың соңы мен 1998 жылдың басында Қытай 100 мың т. жуық мұнай тасымалдаса, 2001 жылы оның көлемі 5 есеге көбейді. 2003 жылы қаңтарда қазақстандық және қытайлық компаниялар мұнай құбырының құрылысын аяқтады. Ол арқылы мұнай қытайлық және өзге кен орындардан Ақтау портына жеткізілетін болды. Келесі мұнай құбырын Қазақстанның орталық бөлігінен Құмкөл қаласына дейін салу жоспарланды. 2003 жылы ақпанда ұлттық «Қазмұнайгаз» компаниясының президенті Қытайдың жылына 50 млн. тонна қазақстандық мұнайды импорттауға дайын екендігін мәлімдеді. Сондай-ақ 2002 жылы Қазақстандағы жалпы мұнай өндіру 47 млн. тоннадан асқан болатын, сол себепті Қытай бағытындағы мұнай құбыры құрылысы жобасының келешегі бар деп атап көрсетті [1].

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда Қытайдың 78 компаниясы және 3964 бірлескен кәсіпорындары жұмыс істеуде. Олардың басым бөлігі, әрине, энергетика саласында. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Сауат Мыңбаевтың айтуына қарағанда, Қазақстанда Қытай капиталының 50-100% аралығындағы үлесі бар 15 мұнай-газ компаниясы жұмыс істейді (одан да аз үлестері бар компаниялар да жеткілікті). Қолдағы деректер бойынша, 5 компания 100%, 6 компания 50 % Қытай инвесторларының иелігінде [5].

Қазақстандағы Қытайдың иелігінде жұмыс жасап жатқан компаниялар:

1. «Ақтөбемұнайгаз» – 85,32% (CNPC)
2. «Маңғыстаумұнайгаз» – 47 % (China National Petroleum)
3. «Қаражанбасмұнай» – 50% (CITIC group)
4. «ПетроҚазақстан» (PetroKazakhstan) – 67% (CNPC)
5. «Қазгермұнай» (PetroKazakhstan) – 50%
6. «Торғай Петролиум» (PetroKazakhstan) – 50%
7. «Павлодар мұнай өңдеу зауыты» – 58%
8. «Шымкент мұнай өңдеу зауыты» – 50%
9. «Айдан мұнай» – 100%
10. «Тарбағатаймұнай» – 50%

Сондай-ақ Қытайдың 4 компаниясы қазіргі таңда мұнай қоры бар жерлерге барлау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Арал теңізі акваториясында бірқатар мұнай-газ кеніштерін ашу үшін қытайдың CNPC компаниясы геологиялық барлау экспедициясы жұмыстарын жүргізуде.

2004 жылдың сәуір айында Қытайдың Sinorep Group мұнай-химиялық компаниясы

Каспийдің солтүстігіндегі бірқатар кеніштерге (Солтүстік Бозашы, Қаражанбас) иелік ететін американдық FIOC (First International Oil Company) компаниясын сатып алды.

2009 жылы Қытайдың мемлекеттік инвестициялық қоры (China Investment Corporation) актив сомасы 300 млрд. доллар болған маңызды компаниялардың бірі «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның 11% сатып алды. Энергетика өндіру саласындағы Қытайдың ең қауіпті қадамы 939 млн. долларға «ҚазМұнайГаздың» 14,5% акциясын сатып алуы болып саналады. Таңқаларлығы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясындағы еліміздің үлесінен қытайдың CNPC компаниясының үлесі асып кетіпті. Қытайдың Қазақстандағы мұнай өндіру көлемі 2000 жылы 7% 2007 жылы 25% артқан. Ал соңғы мәліметтерге қарағанда, жалпы Қазақстандағы энергетика саласындағы үлестің жартысына жуықтапты. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі төрағасының орынбасары Б.Парсегов: ««Бәсекелестік туралы» заңның 12-бабына сәйкес егер нарықтағы үлесі 35% асып кетсе, нарық субъектісінің жағдайы үстем деп табылады. Ал қытайлық компаниялар мұнай нарығында аталған өлшемдерге сәйкес келмейді», - деген болатын [5].

Қытайлық компания Ақтөбелік кен орнын өңдеуде тендерді американдық «EXON», «Амоко» және «Техасо» сияқты компаниялардың 180 млн. доллар ұсынуларына қарамастан 20 млн. доллар ұсыну арқылы жеңіп алды. 1997 жылдың 4 маусымында CNPC тың (Қытай Ұлттық Мұнай корпорациясы) вице-президенті У Яовэнь мен ҚР Жекешелендіру бойынша мемлекеттік комитеттің төрағасы Эдуард Өтепов біріккен «Ақтөбемұнайгаз» кәсіпорнының 60% акциясы қытай инвесторларына беру туралы келісімге келді. CNPC «Ақтөбемұнайгаз» компаниясының негізгі акционері, сонымен қоса, Қазақстандағы «Кенкияк» және «Жаңажол» кен орындарының иесі болып келеді. 2003 жылы мамырдың соңында CNPC мемлекетке тиесілі болған «CNPC-Ақтөбемұнайгаздың» акциялар пакетін (25,12%) 150,2 млн. долларға сатып алып, оның жалғыз иесі болды. 2003 жылға арналған компанияның жоспарында мұнай өндіруді 5 млн. тоннаға дейін арттыру, сондай-ақ «Батыс Қазақстан - Қытай» мұнай құбырының бірінші кезегінің құрылысын бастау айтылды.

2003 жылы наурызда Қытай ұлттық теңіз корпорациясы (CNOOC) және Қытай мұнай химиялық корпорациясы (Sinores) әрқайсысы 8,33% болатын 615 млн. долларға Каспий кен орнындағы Британ мұнай BG group (British Petroleum) компаниясының үлесін сатып алуға ниетті екендіктерін мәлімдеді. Осылайша,

Қытай компаниялары басқа ірі компаниялармен бірге Каспий қайраңын игеруде бірлескен үлестің 16,66% иемденді [1]. «Өзен» кен орнын игеру және Батыс Қазақстан мен Қытай арасында мұнай құбырын салу жобаларына салынатын қытайлық инвестиция көлемі 9,5 млрд. долларын құрайды.

Қазірде Қытайда жылына тек шамамен бір жарым миллион тонна мұнай экспортталса, бұл сан болашақта еселеніп өсуі мүмкін. Қазірдің өзінде олар 20 млн. тонна мұнай сатып алуға дайындығын айтады, ал бірнеше жылдан кейін 40-50 млн. тонна жөнінде айтылуы мүмкін.

2003 жылы Қытайдың мұнай компаниялары Атырау облысын игеруді жалғастырды. Мұнда Қытай капиталы бар алғашқы кәсіпорын 1996 жылы-ақ құрылған болатын. Жыл басында Sinopec-тің «қызы» - «Шэнли» компаниясы Қазақстанда жұмыс істейтін, Канадада тіркелген, China Energy Ventures Corp тиесілі Big Sky Energy Kazakhstan компаниясының 50% акциясын сатып алды. Бұл компанияның шельфте үш шағын кен орнын игеруге лицензиясы болды (Тенгиздің маңында орналасқан «Теңіз», Атырау қаласына жақын «Қаратал» және «Дулаты»). Одан басқа China Energy Ventures Corp-ға өзге екі блок - Лиман-2 және Атырау тиесілі. Бірақ 2004 жылы Sinopec Big Sky Energy-тан кетті және анағұрлым ауқымды және қымбат жобаларды инвестициялауға ниетті екендігін мәлімдеді. Жылдың соңында ол Albatross Trading Limited -тен (Британдық Виргин аралдары) 160 млн. долларға Сазан - Құрақ кен орнын өңдейтін First international Oil Company (FIOC) компаниясын сатып алды. FIOC-ты алумен қатар Қытайдың мұнай компаниялары Атырау облысындағы мұнай кен орындарының тағы да екі тобына: Междуреченский бөлігі мен Адай блогіна жол ашты. FIOC 2000 ж. қарашада оларды өңдеуге лицензия алды. Адай блогіның тобы Ресейдің «Роснефть» компаниясымен бірлесіп игерілді [2].

Қытай үшін Қазақстан мұнай нарығындағы ең өнімді жыл 2005 жыл болды. 14 сәуірде қытай ұлттық корпорациясы CNODC 160 млн. долларға АО «Ай-Дан Мұнайды» сатып алды, ал 2005 жылы 25 қазанда Қазақстанның әділет органдарында АО «СНПС-Ай-Дан Мұнай» (100% акция Қытайға тиесілі) тіркеледі. Олар қазіргі уақытта осы мұнай көзін игеруде. 2005 жылы көктемде Қазақстан өкіметі мен жекеменшік интеграцияланған жалғыз шетелдік компания PetroKazakhstan арасындағы арақатынас мәселесі ушығады. Араздық ұзаққа барғаны соншалық, компания басшылығы оны сату туралы шешім шығарады. PetroKazakhstan-ның мүмкін болатын сатып алушылары ретінде әлемнің

барлық дерлік мұнай компаниялары аталды. Бірақ ақыр аяғында тамыздың басында ең жақсы бағаны CNPC-ның «қызы» - CNPC International Ltd берді. Ол PetroKazakhstan-ның 100% акция пакетіне 4,18 млрд. доллар ұсынды. Бұл компанияның капиталынан 1,7 есе артық болды. 2005 жылы 10 қарашада Н. Назарбаев CNPC-ның PetroKazakhstan компаниясының 100% акциясын сатып алу туралы келісімшартын қолдады. Келісімшарт нәтижесінде PetroKazakhstan CNPC-ның бөлімшесіне айналды. 2007 жылы қаңтарда PetroKazakhstanInc-ның 67% акциясын CNPC-дан оның «қызы» - PetroChina компаниясы сатып алды. PetroKazakhstan-ның 100% акциясын ала отырып, Қытай бұл компанияның басқа да мұнай өңдейтін бірлескен кәсіпорындарындағы иелігіне («Қазгермұнай» бірлескен кәсіпорны мен «Торғайпетролеум» ЖАҚ бірлескен кәсіпорны) құқығын иемденді.

Қазірдің өзінде ресми мәліметтерге назар аударсақ, 2009 жылы 1,3 млрд. долларға, 2007 жылы 2,6 млрд. долларға Қытайға мұнай экспорттағанымызға қарап, мұнай саласындағы Қытайдың экспансиясын анық көруімізге болады [5]. Мұны салынып жатқан Қазақстан-Қытай (Бейнеу – Бозой – Ақбұлақ – Шымкент – Достық) газ құбырына, Қазақстан-Қытай (Атасу-Алашанькоу, Кеңқияқ-Құмкөл) мұнай құбырларына қарап та түсінуге болады. «Батыс Қазақстан-Батыс Қытай» мұнай құбырын салу жобасының іске асуы екі кезеңде қарастырылады:

1- кезең (2006-2010 ж.) - қуаттылығы жылына 10 млн. тонна, кейін жылына 20 млн. Тонна дейін жететін «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырының құрылысы;

2- кезең (2011-2035 ж.) - қуаттылығы жылына 20 млн. тонна, кейін жылына 50 млн. тонна дейін жететін «Кеңқияқ-Құмкөл-Атасу» мұнай құбырының құрылысы [2].

2004 жылы 17 мамырда CNPC мен КМГ «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын салу туралы арнайы келісімге қол қойды. Мұнай құбырын жобалау, салу және оның алдағы эксплуатациясы үшін «Қазақстан - Қытай құбыры» ЖШС бірлескен жобалау компаниясы құрылды. Мұнай құбырын салуда басты мердігерлер «КазСтройСервис» ЖАҚ және China Petroleum Pipeline Engineering Corp (CPPE) болды.

Қол жеткізген келісімдерге сәйкес, мұнай құбырын салуға, қаржыландыруды ұйымдастыруға (банк несиелерін бірлескен компания Қытай кепілдемесімен алды) және жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізуге CNPC жауапкершілік алды. Қазақстан мұнай құбырын салу үшін жер телімдерін, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кепілдік берді,

мұнайға экспорт салығы мен құрылысты жабдықтауға импорт салықтары қатынасында ҚР заңнамаларының тұрақтылығын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, «Мұнай мен газ саласында жан-жақты әріптестіктің дамуы туралы рамалы келісімнің» 8-бабына және ««Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын салудың негізгі принциптері туралы келісімнің» 6-бабына сәйкес, алдағы уақытта осы құбырмен мұнайды тасымалдау үшін мұнайды сату-сатып алуға арналған ұзақ мерзімді келісімдерге қол қою міндеті Қытай тарапына берілді. 2005 жылы 15 қазанда мұнай құбырының қазақстандық және қытайлық тармақтары қосылды. Жобаға сәйкес, мұнай құбыры Қарағанды облысындағы Атасу станциясынан Қытай аумағындағы Алашанькоу теміржол станциясына дейін жүргізілді. Оның ұзындығы - 962,2 км., диаметрі - 813мм., өткізгіштік қабілеті жылына 10 млн. тонна құрады. Мұнай құбыры коммерциялық эксплуатацияға 2006 жылы 25 шілдеде берілді.

«Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын салумен бірге Қытай Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданында қосымша инфрақұрылым құруға талпыныс жасады. 2005 жылы CNPC ШҰАА-да «Алашанькоу-Қарамай» мұнай құбырын салуға кірісті. Ол Қазақстаннан жыл сайын 10млн. т-дан 15 млн. тоннаға дейін мұнай импорттауға мүмкіндік береді.

2007 жылы маусымда Н.Назарбаев Қазақстан мен Қытайдың Атасудан Каспийге дейін ұзындығы 700 км. болатын мұнай құбырын салу жөніндегі ықыластарын мәләмдеді. 2007 жылы 11 желтоқсанда Қазақстанның премьер-министрі К. Масимов «Кеңқияқ-Құмкөл» мұнай құбырының салынуына бастама жасады. Диаметрі 813 мм. болатын құбырдың ұзындығы - 761км., бастапқы кезеңдегі өткіштік қабілеті жылына 10 млн. тонна құрайды. 2009 жылдың ортасында «Батыс Қазақстан - Батыс Қытай» мұнай құбырының жобасы толық аяқталды. 16 қарашада құбырдың «Кеңқияқ - Құмкөл» бөлігінде шикі мұнайды Қытайға коммерциялық тасымалдау басталды [2].

Осылайша Қазақстан үшін Каспий Құбыр Консорциумынан кейін ең тиімді экспорттық бағыттар Транскаспийлік және Қазақстан – Қытай мұнай құбырлары екенін көруге болады. Қарастырылған басқа экспорттық бағыттар әлі де толықтай зерттеуді және үнемі өзгеріп отыратын әлемдік саясат пен экономиканы ескере отырып, техникалық және экономикалық негіздеуді талап етеді.

2005 жылы сәуірде энергетика саласындағы әріптестік бойынша қазақстандық-қытайлық комитеті жанындағы бірінші отырысына қатысу үшін Астанаға Қытайдың даму мен реформа

бойынша Мемлекеттік комитет төрағасының орынбасары Чжан Гобао келді. Ол газ өндіру мен тасымалдау саласында әріптестіктің қажеттілігін баса айтты. «Осы уақытқа дейін энергетика саласындағы байланыс тек мұнай саласында жүрді, енді біз газ өндіру саласында да үлкен болашақты көріп отырымыз», - деп ол Қытайдың шешімін жеткізді [2]. 2005 жылы қарашада «CNPC-Ақтөбемұнайгаз» АҚ Қазақстандағы бірінші қытайлық газ құбырын эксплуатацияға берді. Құрылысы 2004 жылы басталған «Жаңажол КС-13» газ құбыры Ақтөбе облысында орналасқан мұнайдың кен орны мен халықаралық «Бахара-Урал» газ құбырын біріктірді. Бұл ақтөбелік газдың Ресей арқылы халықаралық нарыққа шығуына мүмкіндік берді. Газ құбырының ұзындығы - 150 км., өткізгіштік қабілеті -5,2 млрд. куб.м. Газды құрайды.

Қытай енді мұнай мен газ қорымен қатар уран кеніштерін де сатып алуды бастады. Оның себебі де бар. Қытай АЭС-ы, басқа да салалары уранға деген қажеттілігінің 20% ғана қанағаттандыра алады екен. Сондықтан Қытай Уранға деген 80% сұранысын сырттан алуға, импорттауға мәжбүр [4]. Қолда бар ақпараттарға қарағанда, қазірдің өзінде қытайлық компаниялар «Шиелі» (Қызылорда обл.), «Иіркөл» (Қызылорда обл.), «Жалпақ» (Оңтүстік Қазақстан обл.), «Семізбай» (Солтүстік Қазақстан обл.) уран кеніштеріне иелік етуде. Қытайдың ұлттық ядролық корпорациясы мен Гуандун ядролық-энергетикалық корпорациясы (CGNPC) Қазақстандағы уран кеніштерінен үлес алып, әрі «Қазатомпром» компаниясымен бірлесіп 2020 жылға дейін уран өндіруге келісім жасады. ҚХР-на алғашқы уран тасымалдау 2001 жылы жүзеге асты. Ресей баспасөзі «Қазатомпром» ҰАК Қытайға алдағы үш жылда уран тасымалдау жөнінде келіссөздер жүргізіп жатыр деп хабарлады.

Қытай ұлттық ядролық өндіріс корпорациясымен (CNNC) болған бұл келісім 20 тамызда жасалды. 2003 жылы «Қазатомпром» ҰАК табиғи уран тасымалдау туралы Қытаймен ұзақ мерзімдік келісімшарт жасасқаны туралы мәлімдеді. Бұл келісімшарт 15 жылға жасалды. 2004 жылы 6 қазанда CNNC мен «Қазатомпром» ҰАК «Ұзақ мерзімдік стратегиялық серіктестік» туралы келісім жасады және 2020 жылға дейін атом өндірісі облысындағы әріптестіктің жұмыс бағдарламасына қол қойды. Әңгіме табиғи уранның 2020 жылға дейінгі мерзімде Қазақстандағы өндірілуі мен Қытайға тасымалдануы, сондай-ақ ядролық энергетиканың түрлі салаларында әріптестіктің дамуы (уранды қайта өңдеу, ядролық отын дайындау, АЭС салу) туралы болып отыр [2].

Жалпы жоғарыдағы мәліметтер Қытайдың Қазақстандағы барлық энергетикалық ресурстарға, яғни мемлекетіміздің күш - қуатына толықтай бақылау жасау үшін барынша инвестиция құйып жатқандығын дәлелдейді. Бірақ егер Қытайдан инвестицияларды әкелуді шектен шығарып жіберсек, онда өзіндік саясатымыз болмайды. Бұл үдерістің түбі, әрбір қадам жасағанымызда «Қытайдың мүддесіне қарсы келіп қалмай ма?» деп ойланып әрекет жасайтын жағдайға жеткізеді. Сондықтан әлемдік тәжірибеде кездесетіндей, Қытайға кен орындарын сатқанда, Қазақстанның олардағы үлесі 50% - дан кем болмағаны жөн. Қытай инвесторлары Қытайдың мемлекеттік саясатын жүргізеді дейтін себебіміз, шетелге инвестиция шығарып жатқан компаниялардың барлығы Қытай мемлекетінің қадағалауында. Екінші жақтан алып қарағанда, Қытайдың өзінің энергетика өндірісін дамытудағы тәжірибесі біздің республика үшін де жете пайдалы болуымен, бай екендігімен өзекті. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың айтуы бойынша: «Біз үшін Каспийді игеруде ірі жаңа мұнай бірлестіктерін кеңінен тартудағы басты себептердің бірі жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін жаңа өндірістік қуаттар, мұнай құбырлары қажет және қазіргі жағдайда тек шетел инвестициялары ғана оған қажетті қаржы бөле алады». Сондықтан екі ел арасындағы энергетикалық әріптестікті екі тарапқа да пайдалы болатындай етіп одан әрі дамыту, өзара тиімді өндірістік тәжірибелермен алмасу қазіргі таңдағы көп қырлы сыртқы саясаттың негізгі бағыттарының бірі болуы тиіс деген қорытынды жасауымызға болады.

1. Сапанов С.Ж., Жүніс Қ.Ә. Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатындағы мұнай факторы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 85,86, 91,92.
2. Сыроежкин К.Л. Казахстан – Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству: монография. – В 3 книгах. Книга1. В начале пути. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, 2010. – 258, 270, 276,279, 265.
3. Егембердиева С.М. Мұнай–газ кешеніндегі логистикалық жүйенің дамуы// Саясат–Policy. №2. 21– бет.
4. Казахстан и Китай создали СП для добычи урана. URL: <http://www.press-uz.info/new/index>.
5. Бхадракумар М.К. "Asia Times": Китай расширяет владения в сфере энергетики. URL: <http://www.centrasia.ru/news>.

В этом докладе рассматриваются главные проблемы, возникающие между Казахстаном и Китаем в связи с энергетическими ресурсами, и способы их решения. Кроме того, широко анализируются стратегические намерения и цели Китая в Казахстане.

Наряду с этим в докладе всесторонне рассматриваются главные принципы внешней политики Китая,

которые они придерживаются относительно Казахстана.

The main problems arising in connection with energy resources between Kazakhstan and China and the methods

of their solution are considered in this report. Besides that the China's strategic intentions and aims in Kazakhstan are widely analyzed. At the same time the main principles of the foreign policy of China relatively to Kazakhstan are thoroughly considered in the report.